

КӨСЕМШЕ

Қимыл, іс-әрекетті білдіріп, енді бірде қимыл, іс-әрекеттің өзі емес, оның әр түрлі сипатын, амал-сынын, себеп-мақсатын, мезгілін білдіріп, екі түрлі мәнде (бірі етістік мәнінде, екіншісі үстеу мәнінде) қолданылып, екі түрлі қызмет атқаратын етістіктің ерекше түрін көсемше дейміз.

Көсемше етістік түрлеріне (негізгі және туынды) немесе етіс, болымсыз етістік тұлғаларына мына жұрнақтар жалғау арқылы жасалады:

1. -а, -е, -й жұрнағы арқылы ауыспалы осы шақ жасалады. Мысалы, бар+а, ойла+й, кел+е.
2. -ып, -іп, -п жұрнағы арқылы өткен шақ көсемше жасалады. Мысалы, бар+ып, кел+іп.
3. -ғалы, -гелі, -қалы, -келі жұрнағы арқылы көсемшенің үшінші түрі жасалады. Мысалы, бар+ғалы, кел+гелі.